Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№82 (9865)
15 қазан, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Саммит

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен мемлекеттер басшыларының «Орталық Азия – Ресей» форматындағы алғашқы кездесуі өтті. Мемлекет басшысы қазіргі уақытта бүкіл шекара бойында тұрақтылықты сақтап, қауіпсіздікті күшейту өңірдегі ең маңызды міндет екенін атап өтті. Оның айтуынша, терроризммен, экстремизммен, қару мен есірткінің заңсыз айналымымен бірлесе күресу, сондай-ақ түрлі гибридті қауіптерге қарсы өзара іс-әрекет мәселелері өзекті болып отыр.

Берік байланыс, ортақ мүдде

– Саммит осы бағыттағы келісілген әдістерді әзірлеуге ықпал етуді көздейді. Кездесуіміздің күн тәртібі елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық, әсіресе инвестициялық серіктестік, өндірістік кооперация, көлік-транзит бағыттарын әртараптандыру жөніндегі ынтымақтастықты кеңейте түсуге мүмкіндік беретініне сенім білдіремін. Ресей Федерациясымен бірге біз өңірлік экономикалық ынтымақтастық әлеуетін толыққанды пайдалана аламыз. Күн тәртібіндегі ең маңызды мәселе – елдеріміз арасындағы адамдардың өзара байланысының жоғары деңгейін сақтау, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерінің бірлескен күш-жігерінің арқасында тауар айналымының пандемияға дейінгі деңгейі қалпына келіп қана қоймай, оның едәуір артқанын мәлімдеді. Былтыр өңірішілік сауда-саттық 34 пайызға өсіп, 6 млрд доллардан асқан.

Президент кездесу барысында қол жеткізілетін уағдаластықтар алтыжақты ынтымақтастықтың іргетасын нығайтатынына сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі көзқарасын негізгі өлшемдер тұрғысынан жеткізді.

– Бірінші, бұл – қауіпсіздік. Тағдыр біздің елдерімізге бірге болуды жазған. Ортақ тарихымызды сақтай отырып, халықтарымыздың игілігі үшін ортақ келешегімізді құруға тиіспіз. Әр мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік бүкіл аймақтың дамуына тікелей әсер етеді. Мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың түпкі мүддесін басшылыққа ала отырып, назарларыңызды жаңа қауіп-қатерлердің алдын алуға және оған дер кезінде төтеп беруге арналған тиімді әдістерді әзірлеу қажеттігіне аударғым келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, қазіргі өзара іс-әрекет тетіктері жүйелі түрде жетілдіруді қажет етеді. Оның айтуынша, аймақтағы ахуалды тұрақсыздандыруға тырысу, қақтығыстарды өршіту үшін гибридтік және ақпараттық технологияларды пайдалану – осының айқын мысалы. Осыған байланысты елдердің қауіпсіздік кеңестері аппараттарына алдын алу шараларының механизмдерін әзірлеу және жасақтау туралы ұсыныс беру жөнінде айтылды. Бұл істе ақпарат алмасуға және қауіп-қатерді алдын ала анықтауға баса мән берілуі тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстандағы жағдайға айрықша көңіл бөлу керек деп есептейді. Елдеріміз үшін оның қаупі әлі сейілген жоқ. Президенттің пікірінше, тұрақсыздыққа алып келетін тағы бір фактор – өңірдегі жекелеген елдер арасындағы шекара мәселесінің реттелмеуі.

– Шекара проблемасы ғасырлар бойы қалыптасқан достық, өзара сенім және тату көршілік негізінде, сондай-ақ халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысының қағидаттарын мүлтіксіз сақтау арқылы тек бейбіт жолмен шешілуге тиіс. Аталған мәселені қарастыру үшін өңірлік сараптама алаңын құру пайдалы болады деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экономиканы екінші өлшем ретінде атап өтті. Сондай-ақ саммит қатысушыларына Орталық Азия елдері мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығының жаңа моделін әзірлеп, қабылдауды ұсынды. Оның айтуынша, Шағын және орта бизнесті қолдау шараларына, энергетика, өнеркәсіп, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобаларды қолға алуға ерекше назар аудару қажет.

– Сауда кедергілерін жою және протекционистік шараларға жол бермеу маңызды. Бізге өңірішілік сауда-саттықты дамытуға бағытталған күш-жігерді жандандыру қажет. Бұл жерде тауар айналымының құрылымын жақсартуға және оның номенклатурасын кеңейтуге мән берген жөн. Бүгінде біздің өндірісіміздің дамуына орай шетелдік өнімдердің көптеген түрін бір-біріміздің тауарларымызбен өзара тиімді негізде алмастыра аламыз. Экспорттық-импорттық операцияларға жасалған талдау осы бағытта мол мүмкіндік бар екенін көрсетті, – деді Президент.

Мемлекет басшысы цифрландыру саласында бірге белсенді жұмыс істеуге және тәжірибе алмасуға Қазақстан дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев үшінші өлшем – көлік және транзит мәселесіне де тоқталды. Ол дәстүрлі логистикалық тізбек үзілген жағдайда аймақтағы елдер көлік-транзит әлеуетін толыққанды пайдалану қажет екенін атап өтті. Осы ретте қазіргі әлемде ақпараттық кеңістіктегі теріс құбылыстардың алдын алу жұмыстарын жүргізудің маңызы артып келеді деп санайды.

– Цифрлық технологиялардың, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қарқынды дамуы жағдайында орынсыз айтылған кез келген сөз, әсіресе жастар арасында өшпенділік пен этносаралық араздық туғызуы мүмкін. Соның салдарынан қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған көпжылғы күш-жігер зая кетеді. Дау-жанжал мен дүрбелеңді болдырмау үшін салалық ведомстволарымыз бен қоғамдық ұйымдарымыз тығыз ынтымақтастық орнатып, түсіндіру жұмыстарын барынша белсенді жүргізуі тиіс. Көп нәрсе біздің мемлекет қайраткерлеріміздің саяси жауапкершілігіне де байланысты. Өкінішке қарай кейбір елдерде мемлекеттер басшыларына қатысты негізсіз арандатушылық сипаттағы сөздер айтылатын жағдайлар кездеседі. Бұл, әрине біздің ынтымақтастығымызға нұқсан келтіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында кездесу нәтижелері өзара достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік арқасында берік байланыс орнатқан, қуатты әрі өркендеген мемлекет қалыптастыру жолындағы ортақ мақсатқа жетуге елеулі үлес қосатынына сенім білдірді. Сонымен қатар саммитте Ресей Президенті Владимир Путин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

«ЖЖ» ақпарат

Алтын дән – 2022

Дала дарабоздары марапат төрінде

Күріштің күтіміне қанық қызылордалық диқандар биыл да күзгі жиым-терімнің уақытында межелеген өнімге қол жеткізіп, саланы оң нәтижемен қорытындылады. Көктем түскеннен сала мамандары биыл аяқ судың қат болатынын қатты ескерткен, бұл бір жағынан біздің сушыларға жауапкершілік жүгін еселеген болуы керек, әйтеуір науқан соңында қамбамыз астыққа толып, диқандар мерейі үстем, төрағалардың да көңілі тоқ болды. Әрине мұның түбінде үлкен еңбектің негіз болғанын біз жақсы білеміз. Бастысы алажаздай төккен тер, еткен еңбек ақталып отыр.

Күні кеше аймақтағы егін жинау науқанының аяқталуына орай Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Алтын дән» салтанатты шарасы өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев дала дарабоздарын марапаттап, олардың еселі еңбегіне ерекше тоқталды. Әуелден еткен еңбек пен төккен тердің қадірін білетін Сыр диқандары тағы бір белесті нәтижелі аяқтағанын атап өтті.

– Жыл сайын «Алтын дән» мерекесін тойлаудың игі дәстүрін жалғап, еңбегімен төрге озған озаттарды марапаттаудың алтын арқауын үзбей келеміз. Ақ күріштің атасы, дала академигі Ыбырай Жақаевтың, оның шәкірттері Цай Ден Хак, Шырынкүл Қазанбаева, Салима Жұмабекова, Балдырған Мұстафаева, Айнаш Балғабаева, Амангелді Ахметов сынды тағы басқа тұлғалардың ізбасарлары биыл да кездескен қиындыққа қарамастан ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Ырысты аймақта комбайн айдап, трактор жүргізген 70-тен аса әйелдің ерлермен бірге иық теңестіріп, қырман басындағы қызу тірлікке араласқанын ерекше екпін беріп айтуға тиіспіз. Сыр диқандары биыл 188 500 гектар жерге егін ексе, оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 78 592 гектарды құрап, әр гектардан 56,7 центнерден өнім алды, – деді облыс басшысы.

Айта кетейік, соңғы жылдардағы Сырдария өзені бассейніндегі су тапшылығы жергілікті диқандар мен малшы қауымына оңай болмай тұр. Мемлекет басшысының қолдауымен Сырдария өзенінің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттер арасындағы келіссөздер нәтижесінде су көлемі былтырғы деңгейден көбейген. Өңірдің су саласы мамандарының болжамына сәйкес жыл басында күріш көлемін өткен жылғы мөлшерден 20 000 гектарға қысқартып, 64 000 гектарға межеленген болатын. Алайда диқан қауымның талап-тілегі ескеріліп, Президенттің пәрменімен күріш егісі 78 600 гектар көлемінде бекітілген. Аймақ басшысы бүгінде бұл жұмыста нәтиже барын айтады.

– Өздеріңіз білесіздер, облыс еліміздің күрішке деген қажеттілігінің 90 пайызын өтеп келеді. Жыл сайын экспортқа 100 мың тонна көлемінде күріш шығарылуда. Демек, облыста күріш көлемін азайтуға негіз жоқ. Алайда әлемдегі су ресурстары тапшылығы біздің суға деген көзқарасымызды өзгертуі керек. Су үнемдеу технологиясын енгізу, әсіресе ауыл шаруашылығында күріштен басқа дақылдарды тамшылатып, жаңбырлатып суару көлемін ұлғайту – бүгінгі күннің басты талабы, – деді облыс әкімі.

Биыл өңірде тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен күріштен басқа 793 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде 212 гектар көкөніс, 90 гектар бақша, 32 гектар картоп, 370 гектар жаңа жоңышқа, 87 гектар сүрлем жүгері, 1,6 гектар қант қызылшасы бар.

Салтанатты шарада облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытуға айрықша еңбек сіңірген бірқатар азаматтарға «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы табысталды. Аймақтың өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып, салада серпін қалыптастыруда өзіндік қолтаңбасын қалдырған атпал азаматтар қатарында жерлесіміз, «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев та бар. Сондай-ақ салада жемісті еңбек еткен ардагерлер және қызметкерлерге облыстың «Құрмет» грамотасы табысталды. Бір топ еңбек майталманы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі мен «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін иеленді.

Жыл қорытындысымен топ жарған озаттар түрлі номинация алды. Мерекелік марапатта облыс әкімі «Мағжан және К» ЖШС үздік қызметкерлеріне «Lada Vesta», «Жаңажол», «Ақжарма және К» шаруашылығы мамандарына «Lada Granta» жеңіл автокөліктерін сыйға берді. Ал «Таң ЛТД» ЖШС мен «Ақжар» шаруа қожалығының озат жұмысшылары «Chevrolet» автокөлігіне ие болды.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Сыр өңірінің сахна жұлдыздары дала еңбеккерлерінің құрметіне әуезді ән айтып, мерекені думанға бөледі. Белгілі өнерпаз Бақтияр Тайлақбаев жерлестеріне жылы лебізін білдіріп, әннен шашу шашты.

Күрішпен кірісін еселеген халық қалаулысы Имамзада Шағыртаев аймақтың құрметті азаматы деген атқа әбден лайық. Біз жерлесімізбен мақтанамыз. Қазір атпал азаматтың туған жерінде жүзеге асқан әрбір жарқын жобаның түбін түртсең, оның бастауына «елге болсын» деген ердің қолдауы негіз болғанын аңғарасыз. Бүгінде тәуелсіздік жылдары түлеген Таңда таңды таңға ұрып жазатын дүние көп. Әлеуметтің әлеуеті де Имамзада ағамыздың әркез қаперінде. Міне, әр ауылда осындай жомарт жандар көп болса, ел өркендейді, мемлекет дамудың даңғыл жолына түсері анық.

Дәл осы шарада тағы бір жерлесіміз, “Ер-Әлі” ШҚ төрағасы Әліби Бекжанов та аймақтағы үздік шаруашылықтар қатарында екінші орынды иеленді. Әсіресе оның өңірде шаруашылықты түрлендіріп, адал кәсіппен туған жерін көркейтіп, әлеуметінің әлеуетін жақсартуға басымдық беруі көпке үлгі. Мақпалкөлде де бүгінде Әліби ағамыздың бастамысымен жарқын жобалар жүзеге асты. Бастысы оның барлығы бүгінде халықтың қажетіне жарап тұр. Бұған дейін Сыр салысын егуде өзіндік қолтаңбасын қалдырған халық қалаулысы биыл 30 гектар алқапқа бақша дақылдарын еккен еді. Бүгінде одан шыққан өнімді халыққа қолжетімді бағада ұсынып жатыр.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Тіс емханасы жұмысын бастады

Денсаулық – әр адам үшін зор байлық, әрине. Бірақ дені сау адам мемлекеттің де байлығы. Сондықтан қазірде халық саулығына мемлекет тарапынан жіті мән беріліп отыр.

Қай жерің ауырса, жаның сол жерде және ол рас. Алайда ежелгі қытай медицинасында тіс адамның ең маңызды мүшесі екені жазылған деседі. Ежелгі Тибеттің халық емшілері де отыз екі тістің адам денсаулығы үшін үлкен рөл атқаратынын айтып кетіпті. Ал жапондарда "тісі түгел адам – ең бай адам" деген түсінік қалыптасыпты. Расында тіс – адам ағзасының маңызды бөлігі. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан, күнделікті тұтынатын тағамдарымыздағы түрлі жасанды, зиянды қоспалардың зардабынан туындаған тіс ауруының да түрі көбейген. Қысқасы, қазірде тісі ауырмайтын адам аз. Кішкентай баладан, қолына таяқ ұстаған қарияға дейін тіс дәрігерінің есігін күзетіп, ұзынсонар кезекте тұрады. Бірі сай-сүйегін сырқыратқан тіс түбірінің жүйке талшықтарын емдетсе, бірі шіріген тісінің тесігін бітетеді, бірі қызыл иегіне жасанды тіс салдырады, енді бірі ауру тістерін түбірімен жұлдырып тастап жатады.

Ауданымызда бұрыннан бірнеше тіс емханасы бар. Бірақ таяуда солардың қатары тағы да бір медициналық нысанмен толықты. Осы аптада аудан орталығындағы Желтоқсан көшесінің бойынан "Нариман-ДЕНТ" деп аталатын жаңа тіс емханасы ашылды. Тіс емханасының ашылу рәсіміне аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімнің басшысы Ғ.Жаңашев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әлиев, аудандық мәслихат депутаты А.Тәуіпбаев және кент тұрғындары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

– Күн өткен сайын ауданымызда кәсіпкерлік мақсатта ашылған нысандардың қатары көбейіп келеді. Бұл тіс емханасын кәсіпкерлік нысан дегеннен, халық қажеттілігіне орай, тіпті сұранысына қарай аудан тұрғындарына медициналық көмек көрсететін орталық десек болатын шығар. Мемлекет басшысы да халық денсаулығын жақсартуды, ел тұрғындарының өмір сүру ұзақтығын орташа деңгейден жоғары деңгейге көтеруді мақсат етіп отыр. Ендеше тәжірибелі, білікті мамандардан жасақталған бұл тіс емханасы алдағы уақытта емделушілерге сапалы қызмет көрсетеді деген сенімдеміз дейді, – Ғабит Жаңашев.

Тұрғындар жаңа нысанның ашылғанына қуанса, ақсақалдар халыққа қызмет көрсетуге талап қылған жас дәрігерге алғысын жаудырып, батасын берді.

"Нариман-ДЕНТ" тіс емханасы қажетті заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған. Соның ішінде зақымдалған тістің түбіріндегі жүйке талшықтарын көріп, ауруды анықтайтын заманауи рентген аппаратын айырықша атап айтуға болады. Аталған тіс емханасы қызметкерлерінің айтуынша, аудандағы тіс емханаларында рентген аппараты жоқ екен. Сол себепті бұрын дәрігерлер тісін емдетуге келген науқастардың қызыл иегіндегі зақымы күрделілеу болса, алдымен облыс орталығына рентгенге түсіп келуге жібереді екен. Енді бұдан былай тіс жұлдыру немесе емдету үшін науқастар екі ортаға сабылмайтын болды.

– Біздің басты мақсатымыз халыққа сапалы стаматологиялық қызмет көрсету. Яғни біз үшін адамның денсаулығы алдыңғы орында. Мен бұл жұмысты бастарда көп ойландым. Себебі біздің мамандығымызда адам денсаулығының, тіпті өмірінің жауапкершілігі бар. Бұл ең алдымен жан тазалығын, адалдықты, білімді, біліктілікті, сақтықты талап етеді. Алайда мамандығым тіс дәрігері болған соң көп ойланып тәуекелге бардым. Біздің емханада ауырған тістерді жұлады, түрлі әдістер арқылы емшаралар жасайды және ұзақ жылдық кепілдікпен жасанды тіс салады. Сонымен бірге біз науқастарға тіс күтімі және ауыз қуысының саулығын сақтау жөнінде ақысыз, яғни тегін кеңес береміз. Айта кету керек, кез келген кәсіп иесі әлеуметтік немесе спорттық, медициналық нысандарды ашқанда жұмыссыздық санын азайтуды да қаперінен шығармауы тиіс. Мен әзірге кесімді жалақыға жұмыс істейтін бір медбике және бір техникалық қызметкер алып отырмын. Жұмысты жеке қаржыммен бастадым, алдағы уақытта мемлекеттен қолдау болса, емханамызды ұлғайтып, қызметкер санын 10 адамға көбейтуді мақсат етіп отырмын, – дейді "Нариман-ДЕНТ" емханасының тіс дәрігері Біржан Смайылов.

Біржан Қартаңбекұлы Қызылорда қаласындағы медициналық колледждің тіс емдеу ісі бөлімін және Алматы қаласындағы Қаныш Сәтбаев атындағы технологиялық университетін бітірген. Медициналық мамандығы бойынша бес жыл жұмыс өтілі бар тәжірибелі, білікті маман.

Қуат АДИС

Сайлау – 2022

Елдің бірлігіне сызат түспеуі керек

Еліміз бүгінде жаңа әрі әділетті Қазақстан құру жолында әлеуметтік-саяси реформаларды жүзеге асыруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бағытта қолға алған бастамалары халықтың қолдауына ие болуда. Жыл басындағы Конституциямызға өзгерістер енгізу жөніндегі референдум, Президенттің жеті жылға және бір мерзімге сайлануы туралы өзгерістерді де жұртшылық қуанышпен қабылдады. Алдағы уақытта, атап айтқанда, 20 қарашада өтетін Президент сайлауы осы үлкен өзгерістердің заңды жалғасы деп түсінеміз.



Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» деген сөзі бар. Бүгінгі алмағайып уақытта, біз үшін ең қажеті – бірлік! Арыстарымыз азаттық жолында саналы түрде құрбандыққа барып, сан жылдар бойы қайрат-жігер, ақыл-парасатымен елдік үшін күресті. Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін енді бізге ұлт болып ұйысу – ең маңызды міндет. Ұлттық идеологияны қатаң жолға қойып, Ұлттық мемлекет ретінде дамитын уақыт жеткені бұлтартпайтын шындық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» деп тауып айтқан сөзі бар. Яғни тілді елді, шекараны қорғағандай қорғауымыз керек.

Қазір жалпы әлемде халықаралық геосаяси жағдай ушығып тұр. Көрші елдеріміз отқа оранып, жалын шарпуы бізге де сезілуде. «Шақырған қалың қазақ көшіне шектеулер табылып, шақырмаған жаттың көші ағылып жатқанда, шекарамызды берік қымтап, қорғана білуіміз керек» деген саяси сауатты азаматтардың пікіріне құлақ түрген жөн болар.

Ұлттың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осыдан 100 жылдай бұрын айтқан өнегелі өсиетінде «Біз басқалардан кем болмау үшін білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, ал күшті болу үшін бірлік керек» деген еді.

Дәл қазір бізге осы бір ғасыр бұрын айтылған елге ең қажетті талаптарға сай болатын заман туып тұр. Қоғамды демократияландыруға бағытталған ауқымды шаралардың ықпалын қазақстандықтар қазірдің өзінде айқын аңғарып отыр. Саяси партияларды тіркеудің оңтайлануы, партиялық тізіммен қоса мажоритарлық негізде жекелеген адамдардың өзін-өзі ұсыну мүмкіндігі сайлаудың әділ өтуіне бастайтын бірден-бір қадам болса керек.

Кейбір азаматтар «Президент сайлауына қажетті дайындыққа аз уақыт беріліп отыр. Жылдар бойы тұқыртылып келген саяси партиялар үгіт-насихат жұмыстарын жолға қойып үлгермейді» деген сыңайда уәж айтуда. Алайда әлемдік тәжірибеге сүйенер болсақ, екі ай жеткілікті кезең екенін көреміз. Қазірдің өзінде партиялар кандидаттарын таңдап үлгерген сияқты. Үміткерлердің қатарында жеке тұлғалар да баршылық.

Осы Президент сайлауына байланысты Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Үндеу жариялап, жағдайды толықтай түсіндіріп берді. Кезектен тыс сайлау – жекелеген топтың немесе адамның мүддесі үшін емес, еліміздегі басталған оң өзгерістер мен Жаңа Қазақстанды қапысыз құру үшін аса қажетті шара дейтініміз де сондықтан. Ендеше, еліміздің жарқын болашағы үшін осы бастамаларға қолдау көрсетіп, реформалардың жүйелі жүзеге асуына үлесімізді қосқанымыз жөн болар. Ел біріксе, алынбайтын қамал, шықпайтын шың болмайды. Сондықтан осы сайлаудан ел зор үміт күтеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жарық бағасы қымбаттамақ

Бүгінгі таңда адамзат игілігін көріп отырған жасанды жарықсыз тіршілік ету мүмкін емес. Өйткені емхана да, кез келген өндіріс те, тіпті қарапайым шай қайнатудың өзін жарыққа тәуелді етіп қойдық. Сол себепті қазір электр жарығынсыз тіршілік етуді елестете алмаймыз. Заманның ағымына қарай біздің бар жұмысымыз осы тоққа байланған. Баға күн сайын құбылып тұратын қоғамда енді электр жарығының құны да өспек. Ел-жұртқа жағымсыз жаңалық болса да, тиісті мамандар ауданымызға келіп, жиын өткізді, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Нақтырақ айтсақ, аптаның бейсенбісінде қоғамдық маңызы бар нарықта баға белгілеу қағидаларына сәйкес, алдағы уақытта реттелетін қызмет бағаларының көтерілетіні туралы жария тыңдау өтті. Оған депутаттар, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдардың өкілдері, үкіметтік емес ұйым өкілдері мен тұтынушылар қатысты. Жиында облыстық департамент маманы мен «Шиелі жарығы» ЖШС-ның электр энергиясымен жабдықтау қызметінің басшысы хабарлама жасап, жарық бағасының қымбаттау себептерін кеңірек түсіндірді.

Мамандардың сөзінше, электр энергия тарифтерінің өзгеруінің негізгі себептері осы жылдың 1 шілдесінен бастап энергия өндіруші станциялардағы электр энергиясы құнының 0,1 пайыздан 6,6 пайызға дейін, электр энергиясын тасымалдау тарифінің «КЕГОК» АҚ-ның 1,8 пайызға және «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның 18,6 пайызға, жабдықтаушы үстеме ақы мөлшерінің 1кВт.сағатқа 0,63 теңгеден 1,04 теңгеге артуы болып отыр.

Тиісті мамандар «Шиелі жарығы» ЖШС электрмен жабдықтау қызметі бойынша ұсынған жобалық орташа босату бағасы қолданыстағы ҚҚС-сыз 1 кВт сағатына 18,43 теңгенің орнына ҚҚС-сыз 1 кВт сағатына 19,50 теңгені құрады. Бұл дегеніңіз, қазіргі таңдағы электр энергиясын беру салыстырмалы түрде алғанда 5,8 пайызға өзгеруі мүмкін. Тарифтің өзгеруінің басты себебі өндіретін электр станциялардың электр энергиясы, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсететін қызмет құнының және «КЕГОК» АҚ-ның желілері бойынша электр энергиясын беру бағаларының өсуінен де екенін жеткізді. Қазіргі кезде департамент тарапынан бағалардың өзгеруін негіздеуге ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізілу үстінде. Сонымен бірге басқосуда тұрғындарға тариф жүктемесін азайту үшін барлық қажетті шаралар қабылданатынын да атап өтті.

Жиын барысында тұтынушылар тарапынан сұрақтар қойылды, ұсыныстар айтылды. Мамандар тарапынан жан-жақты жауап берілді.

Айта кету керек, бұған дейін облыстық «КРЭК» АҚ-ның жарғылық қорын ұлғайту есебінен Аққыр елді мекенінің электр жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, Мәдениет, Жаңадария, Жаңаталап елді мекендерінің электр желілері мен қондырғыларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы адам баласына жарықтың қажеттілігі артып, ерте заманнан бері жасанды жарық көздерін ойлап таба бастады. Алдымен от, алау, шырпы шам, кейіннен шырақ, майлы және керосинді шамдар, XIX ғасырдың соңында электр шамы пайда болды. Саздан, темірден жасалған «шәйнекке» майлы білте салып, жарық шығаруды ең алғаш гректер ойлап тапқан деседі ғалымдар.

Ал қазір заманның дамығаны, адамзат ақыл-ойының кемелденіп, ғылымның тереңдегені сонша жасанды жарықтың игілігін көріп отырмыз. Сөз басында айтқанымыздай, тіпті жарықсыз тіршілігімізді елестету қиын болып кетті. Өйткені барлық жұмысымызды осы жасанды жарықпен байланыстырып қойғанбыз. Дегенмен нарықтық заманның қандай өзгерісі де ең әуелі қарапайым халықтың қалтасына түсіп, тұрмысына едәуір әсер ететінін ескеру керек. Онсызда қымбатшылық жайлаған заманда «жығылған үстіне жұдырық» болмай, керісінше тіршілік көздерін жеңілдетуді ойлау қажет. Бұл – енді алдағы уақыттың еншісіндегі іс.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Садыков Талгат Куракбаевич	Аудандық білім бөлімінің басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 16.00-ден 18-00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20	21-3-91

2022 жылы IV тоқсанда Еңбек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Қалданов Қайрулла Жетпісұлы	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ.10.00-ден 12.00-ге дейін	Еңбек ауылы, Толеген Дауитбаев көшесі №4	33-1-22

2022 жылы 4 тоқсанда “Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	32-6-15, 31-3-35, 31-9-96

Кеңес

Өткен аптада аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен ауданда төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Онда 3 мәселе қаралды.

Төтенше жағдайдың алдын алған абзал

Алдымен аса қауіпті жұқпалы құтырма және эхинококкоз, дерматомикоз ауруларының алдын алу, сақтандыру, залалсыздандыру шаралары, аудан көлеміндегі жедел ішек инфекциялары мен топтасқан тағамнан улану ауруларының індеттік маусымында аурушаңдық деңгейін тұрақтандыру, алдын алу және болдырмау мақсатында атқарылған жұмыстары туралы Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Оразғали Аханов, төтенше жағдайлар қаупі туындаған уақытта аудан халқын құлақтандыру мақсатында азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің алгоритм жұмыстары туралы Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Ерболат Серманов баяндады.

Жиында тыңдалған мәселелерге орай аудан басшысы аталған сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді. Әсіресе аса қауіпті жұқпалы аурулармен күресте халыққа екпе шарасын жасауды насихаттауға және төтенше жағдай қаупі туындағанда елді құлақтандыру шарасын күшейту мәселесін қаперге салды.

«ЖЖ» ақпарат

Сенбілік

Тазалық бәрінен маңызды

“Өркениетті елдерде тәртіп мықты ма, тәрбие жоғары ма, көшеге бей-берекет қоқыс тастаған адамдар аз. Мәселен, Жапон елінде көше тап-түйнақтай таза, күл-қоқыс көрінбейді” дейді жапон азаматтығын алған, қызылордада туып-өскен Айгерім есімді қазақ қызы. Тіпті есікті құлыптамай ашық тастап қалаған жеріне бара береді. Бұл жерде темірдей тәртіп. Көшені ластамақ түгілі, көшеге байқамай әмияныңды түсіріп алсаң, қайтып айналып соққанда әлгі әмияныңыз бір тиыны да кеміместен орнында жатады екен. Біз секілді әбігерге түскен адам ол жақта кездеспейтін болып шықты.

Иә, қарап отырсаңыз, тазалық та тәрбиенің ең өзектісі. Санада сәулесі бар, көкейінде ақыл-парасаты бар адам ешқашан өзі күнде жүретін көшесін, тұратын мекен-жайын бүлдірмейді. Қайта оған аса жауапкершілікпен қарап, туған жерін түлетеді емес пе?

Міне, апта сайын өтетін сенбілік жұмыстары – соның айқын көрінісі. Өткен аптада аудан орталығында және елді мекендерде санитарлық тазарту және көркейту бойынша сенбілік өтті.

Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сенбілікке аудандағы меншік түріне қарамастан барлық мекеме қатысты.

Тазарту шарасында әрбір мекеме қызметкерлері өздеріне бекітілген көше бойына тазарту жұмыстарын жасап, шөп-шаламды шауып, қоқыстарды жинады.

Иә, дұрыс-ақ. Енді сол тап-тұйнақтай етіп жиылған жерге қайта қоқыс тастап, өзімізге өзіміз қиянат жасамайық. Сана тазарса, айналамыз айнадай таза болатыны айдан анық.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Таным

Кей азаматтар естелік жазуды оңай деп санайды. Өткеннен білетіндеріңді, есте қалғандарды қағазға түсірсе, естелік шықпай ма деп есептейді. Бұлай айта салу, әрине оңай. Сол есте қалғандарды қағазға түсіру үшін жазуға кірісkеніңізде ауызға келіп тұрған сөздің қағаз бетіне түспей, жан-жақа бытырай қашатынын тек жазумен айналысатын қаламгер ғана біледі. Былай айтуымның басты себебі, бұл жазбамды естелікке тән оқиғалармен қатар кейіпкерім күнделікті өмірде күнде болмағанымен, жиі кездесетін інім болғандықтан, оның үстіне оның да өзіндік ой-толғамы бар азамат екенін ескердім. Ол жайлы жазуды қалай болғанда да тың сүрлем арқылы бастасам екен деген кеудемді тулаған толқындай кернеген толғаныстан туғанын жасыра алмаймын.

Болыс болған Балғабай

Иә, жасыра алмаймын. Ол да болса кейіпкерімнің ағасына деген жүрекжарды жылы сөзді жиі айтуының салдары шығар. Айтарымды, содан соң, не де болса ұлылардың сөздерімен бастайын деген тоқтамға келдім. Сондағы қалағаным -орыстың ұлы тұлғаларының бірі Ф.М.Достоевский болды. Оның: «Мына бір өсиетімді есте сақтаңдар: ешбір оқиғаны, ешбір қақтығыс-шиеленісті ойдан шығармаңдар. Өмірдің өзінде не бар, соны алыңдар. Өмір біздің ойдан шығаратындарымыздың бәрінен де бай. Кәдімгі күнделікті өмірдің беретінін ешқандай ой-қиял бере алмайды, өмірді құрметтеңдер», - деген сөзі ойымды өрбітіп айтпағымды алға қарай жетеледі. Енді осы тұжырымды қазық етіп алып, барын бардай, қосып-алмай, асырып-тасытпай, көргенімізді қаз-қалпында сақтай отырып, әңгімемізді бастайық.

2007 жылдың 20 қазаны. Қызылорда қаласындағы «Қыз Жібек» мейрамханасында Балғабай Имашевтің 60 жасқа толған торқалы тойы болды. Той дастарханының төрінде қоғам және мемлекет қайраткері Сейілбек Шаухаманов, Қармақшы ауданының әкімі Биғали Каюпов, Сырдария ауданының әкімі Ибрагим Әбибуллаев, Жалағаш ауданының әкімі АхмедуллаҮмбетов, облыстық жер қатынастары департаментінің директоры Нұрлыбек Жолдасбаев, облыстық көші-қон басқармасының бастығы Әмір Шаймағанбетов, облыстық мәслихат депутаттары Қожахмет Баймаханов, Абзал Тайманов, аудандық мәслихат хатшысы Кенжеғара Сүлейменов, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов, облыстық мәслихаттың депутаты Алма Божанова, зейнеткер-ардагерлер Сәмит Далдабаев, Біржан Көштаев, Асан Бекпенбетов және басқалардың қатары осылайша жалғаса береді.

Алпыс жыл жеке адам өмірі үшін аз уақыт деуге болмайды. Әрине, уақыт шіркіннің зымырап өте шығатыны кім-кімге де құпия емес. Уақыттың кейбіреулері шаңына ілесе алмай тұншығып қалып жатса, ал баз біреулер оны ысырып тастап, суырылып алғашығып, өмірден өз үлесін алу үшін тайталасып жүргені. Ендеше, алпысын ауылда емес, облыс орталығында дүркіретіп өткізудің мәнісіне мән берсек, әңгіме алпысқа келуде емес, сол алпысты қалай өткізгенінде, сол алпысқа қалай келгенінде жатыр десек артық айтқандық бола қоймас.

Әр заманның, әр қауымның тұлғалы азаматтары болады. Ол әуелі ауылдан басталып, ауданға, одан облысқа қарай өріс ала бастайды. Ендеше, оларды ауылдың қайраткері, ауданның қайраткері, облыстың қайраткері деп атауға болатын шығар. Біздің кейіпкеріміз соның соңғысына дейіп көтерілген азамат. Сөзіміз дәлелді болу үшін оның жүріп өткен жолына көз жүгіртейік.

Балғабай Имашев 1947 жылы туған. 1964-1965 жылдары «Жаңаталап» совхозында тракторист, 1965-1970 жылдары Алматы мал дәрігерлік институтының студенті, 1970-1974 жылдары «Жаңаталап» совхозында аға зоотехник, 1974-1975 жылдары «Аққыр» совхозының бас зоотехнигі, 1975-1978 жылдары аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, 1978-1981 жылдары «Коммунизм» совхозының партком секретары, 1981-1985 жылдары аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1985-1988 жылдары «Жалағаш» совхозының директоры, 1988-1991 жылдары халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің председателі. 1991-1995 жылдары «Жаңадария» совхозының директоры, 1995-2002 жылдары аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры, бүгінде аудандық мәслихаттың бөлім меңгерушісі.

Міне, талай соқпақтардан жаңылмай өткен, басшылық жұмыстың талайының басында болған, еңбегімен елінің құрметіне бөленген, қай қызметті атқарса да ізін қалдырған тұлғалы азаматтың енді әр кезеңінен әңгіме қозғамақпыз.

Әр кезеңнің өзіне тән қызығымен қатар қиыншылығы да болады. Оның барлығы да тарих қойнауына кіріп, көзден таса болғанымен, көңілде сақталып қалатын жәйттері аз емес. Енді соның бір-екеуін айтсам деймін. Мысалы, Балғабай Имашев жоғарыда айтқандай, 1981-1985 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің жаңадан ұйымдасқан ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бөлімнің қарауына бір нұсқаушылық штат берілді. Ол кезде ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып Бегім Сейдахметов деген азамат қызмет атқаратын. Осы бөлім ашылып жатқан кезде ол маған келіп:

- Шәке, менің ауыл шаруашылығы бөліміне ауысқым келеді, - дегені. Туған інімдей қамқорлығымда болған оның бұл өтінішіне қайырып ештеңе айтпай, «жарайды», - деп келісім бергенмін.

Сонымен ұйымдастыру бөлімінен бөлініп шыққан аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Балғабай Имашев, нұсқаушысы Бегім Сейдахметов жаңа бөлімнің алғашқы ұйымдастырушылары болды.

Жаңа қызметтің қыры мен сырын бірден меңгеріп кету, оны бір қалыпты жүйеге келтіру оңай шаруа емес-ті. Кезекті бюроға материал дайындау, кезектен тыс өтетін ауыл шаруашылығына байланысты жиналыстарда сөйлейтін хатшының сөздерін дайындау, активтер мен пленумдарда жасалатын баяндамаларды дайындау, осылайша жұмыстың түрлі тізбектері жалғаса беретін-ді. Оның үстіне күнделікті қарбалас тіршіліктен туындайтын қаншама проблемалар күтіп тұр десеңізші?! Айтылғаны бар, айтылмағаны бар, бәріне дебөлімнің қатысы бар болатын. Осы талап деңгейінен шығуда жас бөлімнің жас басшысы табандылықпен еңбек ете білді.

Айтуымыз керек, кей сәттерде қысылды да, бірақ қысылу арқылы ысылды да. Себеп, сол кездегі «райком» атты алып мектеп өзінің аппаратындағы кадрларды ыстық көрікке салғандай, ащы терін шығарып, шыңдайтын да шыныңтыратын, содан шыдағандар кейін қандай басшылық жұмысқа жіберсе де тәрбие алған мектебіне кір келтірмейтіндей дәрежеде еңбек етуге талпыныс жасайтын. Оның үстіне «райком» атты ауданның басшылық органын Қонекең Төрешұлы Қазантаев басқарған еді. Сонымен «Қазантаев мектебінен» шыққан Балғабай Имашев алымды да шалымды, байсалды да байқампаз, жаза да білетін, көп алдында айтатын ойын толықтай жеткізе де білетін, шаруашылық салаларына толық талдау жасай да алатын, осы мектептің таңдаулы кадрлары қатарына қосылды. Мұндай баға алу ол кезде үлкен дәреже болатын. Соның нәтижесінде 1985 жылы «Жалағаш» совхозына директор етіп жіберілді.

Оның еңбек жолындағы із қалдырған ауданның екі басшылығының біріне көтерілген жылы -1988 болатын. Сөйтіп, ол аудандық Совет атқару комитетінің председателі қызметін Кеңестік Одақ тарағанша 1991 жылға дейін атқарды. Ол кезде облыстық партия комитетінің хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков болатын. Оның кезінде мұндай қызметте жоғарылаудың өзі оңай шаруа емес-ті.

Жалпы адам кемелдену үшін жақсы ортаның беретінін ештеңемен салыстыруға болмайды. Қазақта «Данамен жолдас болсаң дана боласың» деген нақыл сөз бар. Сол сияқты Балғабайдың да жастайынан қызметтес болған азаматтарды айта бастасақ, соған саяды. Мысалы, ол «Жаңаталап» совхозында осы совхоздың директоры, Социалистік еңбек Ері Алдаберген Бисеновпен қызметтес болса, ауданға келгенде аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары Сұлтан Аманов, Қонысбек Қазантаев, аудандық Совет атқару комитетінің председательдері - Сейітнәби Мұқашев, Мақсұт Әбдіразақов, бүгінде республика көлемінде жауапты қызметтерде жүрген Оңалбек Сәпиев, Биғали Қаюпов сынды қайраткерлермен еңбектес болғаны дәлел.

... Оның ерекше қасиетінің бірі еңбекқорлығы мен қандай да болмасын қиындыққа төзімділігін айрықша айтуға болады. Осы ретте мынадай бір фактіге жүгінуге болады. Бұл 1994 жылы болатын. Ол кезде ол «Жаңадария» совхозында директоры болып жүрген кезі еді. Өзінің айтуынша сол жылдың қыркүйек айында совхоздың қоймасынан мың дана қаракөл елтіріс ұрланды. Қойма меңгерушісі Тұрғанбай деген азамат қарапайым күн кешкен еңбек адамы екен. Мұны заң орнына хабарласа, оны жауапқа тартылып кететініне күмән жоқ-ты. Сондықтан да оны аман алып қалу үшін совхоздың басшылары болып ақылдаса отырып, ортадан көмек жасап, әлгі кем қаракөлдің орнын толтырғанбыз, - дейді Балғабай інііміз.

Хош, сонымен арада ай өтпей жатып тағы бір қолайсыз жағдай болды. Совхоз қоймасынан бес мың дана қаракөл елтірісі ұрланды. Дереу тиісті орындарға хабар берілді. Іздеу, тексеру жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілді. Бірақ, жіптің ұшы совхоз айналасынан ұзамайтып сияқты. Белгісі - ұрылардың көліктері ЗИЛ-130 автомашинасы екені даусыз анықталды. Сарапшылар машинаның бұрылған тұстарын өлшеп, ағаш бортты екенін анықтаған. Ал, темір бортты автомашинаның алдыңғы және артқы доңғалақтарының арасы қысқалау болатындығы еске алыныпты.

«Қырсыққанда қымыран іриді» демекші, менің әскерилерден сатып алған жеке ЗИЛ-130 ағаш бортты автокөлігім бар еді, - дейді Балғабай осы оқиғаны еске ала отырып. Содан не керек, барлық тексерудің назары оның автокөлігіне қарай ауа бастады. Себеп, автокөліктің доңғалақтарының протекторы елтірі ұрлаған автокөліктің ізімен дәлме-дәл келіп тұрғаны көрінеді. Сөйтіп, айдың-күннің аманында директордың өзі өз машинасымен ұрлатыпты деген қаңқу сөз тез арада ауыл-аймаққа жетіп жатты. Ол ол ма, бұл сөз «шындыққа» ұқсап, ауылдан-ауданға, ауданнан-облысқа дейін жалғасқан көрінеді. Кейде «жала» дегеннің шындықтың орнына жүрген кездері де өмірден орын алғаны тарихтан белгілі. Ендеше, «батырға да жан керек» дегендей, Байғабайдың да қысылған жері осы болатын. Қысылғанның белгісі ғой, құмалақшыға барып құмалақ салдырыпты.

Сондағы құмалақшының айтқаны:

Ауылдан елтіріні шығарып берген үш адам бар, ол өзіңіздің сеніміңізге әбден кіріп алғандар екен. Сырттан келген ұрының саны да үшеу. Соның біреуі басқа ұлттың өкілі. Ұрылар мен оның жақтарын Алла өзі жазалайды. Сіз абыржымаңыз, екі жеті он төрт күн дегенде табылады, - дейді.

Мұнан кейін Балғабайдың айтқаны:

– Құмалақшының болжамын естігеннен соң шынымен көңілім көтеріліп, он төрт күнді шыдамсыздана күттім. Он төртінші күннің түсі де ауып кетті, әлі хабар жоқ. Көңілім қобалжып, қинала бастадым. Осылайша үлкен қиналыс үстінде отырғанымда аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Алмас Тобжанов келіп, ұрылар Шымкент қаласында ұсталды деген хабар айтып қуантып еді, - дейді.

Міне, осылайша сабырлылық пен шыдамдылықтың арқасында «аққа Құдай жақ» дегендей, әзір құтылған еді.

Біз көбінесе біреу жайлы жазғанда, оның атқарған қызметі, жұмыс істеген ортасы, еткен еңбегі үшін мемлекет тарапыпан мадақтаулары мен басқа да үлгі тұтарлық жақтары жәйлі жазамыз. Ол да дұрыс. Бұл да журналистикада қалыптасқан стиль деуге болады.

Ал, бірақ кейіпкеріміздің аты-тегі жәйлі жарытып ештеңе айтпайтынбыз. Мүмкін оған уақыттың да кедергі кезі болған шығар.

Қазір заман өзгерді, бәрін ашық айтатын болдық. Соны бетке ұстай отырып, одан шыққан тегі жәйлі әңгіме қозғаудыөтінгенімізде айтқаны:

- Менің туған ауылым «Мақпалкөл» ауылы. Әкем қарапайым ауыл еңбеккері болды. Әр жылдары колхоз жұмыстарының әр салаларында еңбек етті. Менің бала кезімде әкем жылқы бақты. Ол кезде жауапкершілік өте қатты болды-ау деймін. Әкем үнемі ат үстінде, шаруаның бел ортасында жүретін. Ол кісі көп сөйлемейтін, өте қайырымды, алалап бөлмей, мұқтаж адамдарға қолдан келген көмегін аямайтын. Өтірік айтқанды барынша жек көретін. Мұндай қасиет марқұм әжемде бар болатын. Әжем 101 жасқа келіп, ауырмай-сырқамай, есінен алжаспай, сол мамыражай қалпында дүниеден өтті.

Біздер баламыз, әжеме кей кездері өткеннен әңгіме айтыңызшы деп қолқа салатынбыз. Сонда ол кісі: «Ұлы атамыздан сегіз бала болған. Сенің әкең Имаш, оның әкесі Мырзалы, оның әкесі Ержан», - дейтін. Әжеміз деп отырғаным Мырзалы атамыздың әйелі. Имаш әкемнің шешесі, Ержан атамыздың келіні. Әжеміздің аты Шөкен еді, ол атақты Досым бидің ұрпағы болатын. Әжеміздің ұлы атамыз деп отырғаны Сәтбай атамыз. Сәтбай баба алдын ала болжайтын, көреген, әруақты адам болған көрінеді. Менің арғы атам Ержан қатарынан бірнеше рет болыс болыпты. Әжемнің айтуына қарағанда атамыз барынша өткір, айтса тура айтатын, әділ кісі болған көрінеді.

Ұлы бабамыз Сәтбай ата қайтыс болғанда түйеге қоршау қоршап Қарақұмнан Жаңадария бойына алдын ала салынған үй тамға әкеліп жерленеді. Жол бойында өзінен тараған ұрпақтарына кезектестіріп мүрде салынған түйені жаяу жектетіпті. Сол кезде менің әкем Имаш 9 жасар бала екен, Қарақұмнан бергі аралықта көбіне жаяу жүріп, түйе жетектегендердің арасында ол да болыпты. Үлкендер бабаның киесі ұрпақтарына жұғысты болсын деп тілек тілепті. Бабамыздың жұбайы Ақбала әжеміз еш уақытта орынсыз сөз айтпаған, тек қана жақсы сөз, бата, жақсы тілек білдіріп отыратын нағыз «Бибатимаана» болған деседі айтушылар. Ренжіген сәттерде айтатыны: «көбейгір, ә... көбейгір» деп отырады екен.

Патшалық дәуірде Ержан атасы болыс болса, кешегі кеңес дәуірінде оның ұрпағы Балғабай Имашев та болыс болды. Атам қазақтың «тұлпардың тұяғы» деген тілектер үшін айтылған аталы сөзі осындайдан туған болса керек-ті.

Толған айдай толықсыған Рысқүл келіннің қолынан талай рет шәй ішкенбіз. Ол кезде Балғабай қазіргі Нығмет Мырзалиев көшесіндегі Мөрәлі Шәменов ағамыз салдырған Коммунизм совхозының жапсарлас, қоржынды үйлерінде тұратын.

Ертелі-кеш үйінен қонақ арылмайтын. Ауылдан келгені бар, қызметтес, жора-жолдастар бар, әйтеуір бәрінде Рысқүл келін қабақ шытпай күтетін, алғысын алып жататын. Оның үстіне үйдегі қарт әкем мен абзал әжені күтіп, жағдайын жасаудың өзі жеңіл-желпі шаруа емес тұғын. Бала тәрбиесімен атқарып жүрген қызметті айтпайсызба?! Мұның барлығы, әрине, Рысқүл келіннің мойнында. Барлығына да үлгерді. Бәрінің де ойынан шыға білді. Соның арқасында алғаны алғыс болды.

Осындай жанұядағы жылылық пен әдептілік, инабаттылық пен бауырмалдық, үлкенге деген құрмет пен қамқорлық басқаларға үлгі боларлықтай еді. Түптеп келгенде мұның барлығынындаініміздің жақсылардың қатарына қосылуына ықпалы болды ғой дейміз. Өйткені семьяда берекет болмай, ер адамның қызметте көңіл толарлықтай жұмыс атқаруы екі талай нәрсе.

Оның енді бір ерекшелігі - көркем ойлау дәрежесінің биіктігі мен шығармашылық тұлға ретінде танылa бастауы. Балғабайдың «Аққыр деген ауыл бар Қызылқұмда», «Балықшы қыз», «Қызылорда құт мекенім» атты толғауларын бүгінде жыраулар үлкен сахнада орындап, тыңдаушылардың құрметіне бөленіп жүр.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Көне қаланың тарихы

Құрылғанына ғасырға жуықтаған Жалағаш жерін шежіре тұнған мекен деуге болады. Себебі бұл өңірден ақын да, батыр да, дана да, ғалым да, шайыр да, ахун-ишандар да шыққан. Ал Жалағаш топырағында ежелгі қалашықтар мен мәдени-ескерткіштер ашық аспан астындағы музей іспеттес. Біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігін суреттейтін бұл киелі жерлер көне дәуірден сыр шертеді.

ҚҰМҚАЛА I

Ортағасырлық Құмқала I қалашығы XII-XIV ғасырларда өмір сүрген, Аққолқа ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 30-35 шақырымда орналасқан. Заманында қаланы биік әрі қалың етіп соғылған қорған-дуал қоршап тұрған. Қорғанның сілемдері мен мұнара құландылары қазіргі уақытқа дейін жақсы сақталған. Құмқала топографиялық құрылымы жағынан дұрыс емес төртбұрышты болып келген. Қаланың жалпы көлемі – 300х400 метр. Саз балшықтан соғылған қорған күзет мұнараларымен бекіністелген. Қаланың солтүстік-шығысында қам кірпіштен мазар тұрғызылған. Мұнара құландыларының диаметрі 10-12 метрден 15-18 метрге дейін. Олардың бір-бірінен ара қашықтығы 35-40 метрге жуықтайды.

Қаланың қақпалары қорғанның оңтүстік-шығысында, оңтүстік жақ беттің дәл ортасында және оңтүстік-батыс қапталында орналасқандығы аңғарылады. Қаланы үш жағынан қоршаған қорғандардың іздері сақталған, ал батыс жақ беттің қорғаны жел-құздың әсерінен жермен-жексен болып шөгіп кеткен. Қорғанның солтүстік жақ қанатында қаланың бас қақпасы орналасқан, ол қақпаны уақытында қорғанның сыртына шығыңқы етіп салынған күзет мұнарасы қорғап тұрған. Қаланы түгелімен, айнала қорғанның түбінен қорғаныс мақсатында қазылып, су толтырылған және тереңдігі 2,5 метр болатын ор қоршаған. Қала ішіне тұрғын үйлер жиі орын теуіп, көше аулаларға тарамдалған.

Құмқаланың орнын 1946 жылы бірінші болып тауып әрі зерттеген профессор С.П.Толстов жетекшілік еткен ХАЭЭ экспедициясы. Бірақ қазба жұмыстары жүргізілмеген. Археологтар қаланың үстіңгі мәдени қабаттарының деректері негізінде қаланың жасын шамамен XII-XIV ғасырларға мерзімдейді.

ҚҰМҚАЛА II

Құмқала II қалашығы жергілікті тұрғындарға «Бұзық қала» деген атаумен белгілі. Аталған қала Жаңадария өзенінің сол жақ жағасында, Аққолқа ауылының оңтүстігінде 30-32 шақырым жерде орналасқан.

Аталған қаланың басқа қалалардан айырмашылығы сол, бұл қалаға айнала ешқандай да фортификациялық құрылыстар (қорғандар, қамалдар) салынбаған. Қаланың жалпы көлемі – 200х155 метр. Шамамен 60х50 метр болатын ірі ғимараттан және оған қосарлана орналасқан майда үйлерден тұрады. Қала орталығында орналасқан ғимараттың бөлмелері мен дәліздерінің ізі айқын аңғарылады. Солтүстік жақ бетінде үлкен алаңша орналасқан. Қала маңы заманында гүлденген бау-бақшалар мен егіні жайқалған алқаптармен қоршалған.

Бұл қаланың орнын 1960 жылы бірінші болып тауып әрі зерттеген ХАЭЭ экспедициясы. Бірақ қазба жұмыстары жүргізілмеген. Археологтар қаланың үстіңгі мәдени қабаттарының деректері негізінде қаланың жасын шамамен XII-XIV ғасырларға мерзімдейді. Құмқала II қалашығын екінші қайтара 1990 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының археологиялық экспедициясы тауып зерттепті. Бірақ онда да қазба жұмыстары жүргізілмеген.

Е.СОЗАҚБАЕВ

2022 жылы IV тоқсанда Жалағаш ауданының әкімдігі «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кент әкімінің және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Жалағаш кентінің әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын
2	Дүйсембиев Берік Аманжолұлы	Жалағаш кенті әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, бейсенбі күндері сағ.10.00-12.00 аралығы	Апта сайын

«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты zhalagash-zharshysy.kz ақпарат агенттігінің сайтында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

zhalagash-zharshysy.kz ақпарат агенттігінің сайтына материалдар орналастыру бойынша бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

газетке жарияланған материалдарды сайтқа орналастыру жарияланған соманың 10% /1 ай/; тікелей сайтта орналастыру – 1см2 - 72 теңге /1 ай/.

Жазбаша өтініштерді сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін мына мекен-жай бойынша қабылдайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Төле би көшесі №5а, e-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Мәселе

Сөмкенің ауырлығы шымбайға батып-ақ жүр

Мектеп оқушыларының сөмкесінің ауырылығы туралы қоғамда қызу талқы болғалы да бірталай уақыт өтті. Мен осы жайды зерттеп көрейінші деп үйдегі 5 сынып оқитын немеремнің сөмкесі 6 кітабымен және барғанда ішетін 0, 5 литр суымен таразыға тартқанда 5, 500 келі тарттты. Осылайша бұл салмақ оқушыға қандай зардап әкелетінін зерттеп мамандардан сұрай бастадым.

Ғаламторды ақтарып отырып, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы бұйрығы бойынша оқу басылымдарына қойылатын гигиеналық нормативтер бекітілгені туралы Egemen.kz. сайтынан мәлімет алдым. Құжатта оқушы арқалайтын бір оқулықтың салмағына қатысты нақты норма көрсетілген. Ол бойынша: 1-4 сынып оқулықтары 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін 400 грамнан, 7-9 сыныптар үшін 500 грамнан, 10-11(12) сыныптар үшін 600 грамнан аспауы керек делінген. Бұйрықта оқулық салмағын аталған нормадан 10% арттыруға ғана жол берілетіні айтылған. Оқулық салмағынан бөлек кітап басылатын қағазға, баспа сапасына, пайдаланылатын қаріптерге қойылатын талаптар анықталған. Бұйрық 2021 жылдың 24 желтоқсанынан бастап қолданысқа енген.

Шындығында, оқушы сөмкесінің ауыр болуы неліктен? Кезінде біз де сөмке асынып, ішін кітапқа толтырып алатынбыз. Бірақ дәл бүгінгідей салмағы «зіл қара тас» болмаушы еді. Ауыр сөмкелердің кесірінен мектеп оқушыларының бәрінің болмаса да, біразының омыртқасы қисайып, бойлары өспей қалып жатыр. Көп жағдайда мектеп сөмкесінің сапасына емес, бағасына қарап ала саламыз. Тиісті талаптарды сақтамағандықтан балалардың денсаулығына өзіміз артық салмақ жүктеп, дұрыс өспеуіне «үлес» қосып отырмыз.

Мектепке дайындық жұмыстарын бастағанда міндетті түрде алдымен оқушының киім үлгісін, екінші кезекте сосын сөмке таңдаймыз. Сосын басқа қажетті заттарды алып, сөмкені толтыра бастаймыз. Бос сөмке немесе рюкзактың салмағының 1 келіден аспауына мән бермейміз. Жалпы, мектеп сөмкесін таңдаған кезде ең алдымен оның иық бауының жалпақ, әрі жұмсақ материалдан тігілгенін таңдаған жөн. Сонымен қатар, таңдаған сөмкеңіз баланың бойы мен жасына сәйкес болуы маңызды. 1-4 сынып оқушылары үшін әрбір кітаптың салмағы 300 грамнан, ал 5-6 сыныптарға – 400 гр., 7-9 сынып оқушыларына 500 гр. және 10-11 сыныптар үшін 600 грамнан аспауы керек.

Біздің еліміз бойынша 86 оқулыққа қатысты сараптама негізінде олардың екеуінің салмағы гигиеналық нормативке сәйкес келмеген екен. Денсаулық сақтау министрлігінен арнайы жұмыс тобының құрылып, осы мәселеге зерделеу жүргізетін де болған. Бұл мәселе мәжілісте де сөз болғаны белгілі. Арнайы құрылған жұмыс тобының айтуынша, мектеп сөмкелерінің ауырлай түсуі сколиоз, остеохондроз сынды ауруларға ұшырататын көрінеді. Сондықтан бұл аурулардың алдын алу үшін шкафтар орнату керек екен.

Айта кету керек, сөмкені еңсеріп жүру үшін балаға еңкейіп жүруге тура келеді, одан баланың жүрек қантамырларының қызметі бұзылып, көру қабілеті төмендейді. Одан бөлек, үнемі бас айналуы, жүрек айнуы, арқа мен аяқ аурулары көбейе бастайды. Ата-ана бұған көп мән бермеуі мүмкін, бірақ баланың бұл аурулар туралы айтып, шағым жасауы жиілейді.

Өзге елдермен алыстырып көрелік. Мәселен, Португалия ғылыми-медициналық орталығының мамандары мектеп сөмкесінің салмағы барлық оқулық пен оқуға қажет құрал-жабдықтарды қоса есептегенде, бала салмағының 10 пайызын құрау керек деп есептейді. Егер баланың салмағы 25 келі болса, сөмкенің ауырлығы 2,5 келіден аспауы тиіс. Ғылыми орталық ұсынған зерттеу нәтижесі бойынша жергілікті билік мектеп сөмкесінің стандартын белгілеп қойған. Сол стандартқа сәйкес, балалар артық салмақ арқалап әуре болмайды екен.

Ал американдық педиатрлар арқаға асатын дорбаның өзіндік нормаларын белгілі бір шарттарға сай есептеп шығарыпты. Америкада ауыр салмақты сөмкені күнделікті тасып жүрмеудің де жолдары қарастырылған. Мәселен, АҚШ-тағы кейбір мектептер бұл проблеманы болдырмау үшін заманауи құрылғылардың көмегіне жүгінеді. Ал кей білім ордаларында сабақ барысында пайдаланылатын негізгі оқулықтарды мектептегі оқушылардың жеке сөрелеріне қалдырып, үй тапсырмаларын арнайы планшеттерге жүктеп берсе, енді бір мектептерде үй жұмысы топтастырылған арнайы конверттер таратылады екен. Ірі штаттардағы мектептің де өзіндік жүйелері бар. Ол мектептерде мұғалімнің, ата-ана мен оқушының жеке-жеке кабинеттері бар. Ұстаз белгілі бір уақыт шеңберінде өз кабинетіне үй тапсырмасын жүктеп қояды, ата-ана үйінде отырып сол тапсырмаларды баласымен орындайды.

Өзге елдердің мектеп сөмкесіне қатысты арнайы бекітілген стандарты бар. Бізде неге олай емес? Биыл жаңартылған білім бағдарламасы мектеп сөмкесін тіптен ауырлатып жіберді. Әсіресе, 1-сынып оқушылары үшін

Ресейлік мамандар осы мәселеге бас ауырта келе, портфельдің салмағы оқушының салмағының 1/10 болуы тиіс дегенді айтады. Балаңыз 27 келі тартса, сәйкесінше, мектеп «дорбасы» да 2,7 келіден артық болмау керек. Ал төменгі сынып оқушыларының сөмкелері 1200 грамның шамасы болса құп. Өз кезегінде ресейлік санитар-мамандар бастауыш сыныпқа арналған оқулықтардың салмағы 300 грамнан, 5-6 сыныптар үшін –400 гр, 7-9 сынып оқушыларына –500 грамнан аспауы керектігін есептеп шығарған. Сонымен қатар сөмкені арқаға ілгенде, сөмке екі иыққа бірдей ілінуі керек деген уәж айтуда.

Шынында қоғамда қызу талқыға түсіп жатқан осы мәселе тезірек шешімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді. Әйтпесе, ауыр сөмке арқалаған бүлдіршіндерге обал-ақ.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Қасиетіңнен айналдым, адыраспан

Бала күнімізде есіктің алдында жертөле болатын. Оған қыстың күні бақша өнімдерін сақтайтынбыз. Осы жертөлені айналдыра адыраспан өседі. Бала болғасын бұл қандай өсімдік екенін, нендей қасиеті барын біле бермейтінбіз. Бірақ кәдуілгі арам шөп емесін байқайтынбыз. Өйткені есіктің алдын артық шөп-шалаңнан тазалағанда осы адыраспан ғана шабылмай қалатын.

Жалпы адыраспанды не үшін «Қасиетіңнен айналдым адыраспан, мені саған жіберді Омар-Оспан» деген сертті айтпай тұрып жұлмаудың да сыры бар. Өсімдіктің қасиетті болуы да тегін емес. Үлкендер жағынан осы туралы сұрағанымызда керемет оқиғаның тыңдарманы болатын едік. Ол кісілердің айтуынша, кезінде әзіреті Оспан әскермен жорыққа аттанып бара жатып, жол-жөнекей түнейді. Оспанның қалың қолмен келе жатқанын естіген жау, жасырын кеп ұйықтап жатқан әскердің аттарын босатып жібереді. Ерттеулі атсыз алысқа бара алмайсың. Үдере қашқан жылқының арасынан әзіреті Оспанның аты бір түп адыраспанға шылбыры оратылып, кете алмай қалыпты дейді. Оспанның аты тұрған жерге босай қашқан жылқылар түгел жиналып, үйіріліп тұрыпты дейді. Шылбыры оратылған адыраспанды Оспан дорбасына салып алады. Жауын жеңіп оралған соң, Пайғамбарға болған жайды баяндап, шөпке «адыраспан» деп ат қойғанын айтады. Адыраспанның жасаған қызметіне риза болған Пайғамбарымыз: «Әскерімді аман алып қалған адыраспан, менің үмбетіме қызмет етсін» деп дем салған екен. Пайғамбардың өзі дем салған шөпті сертін айтпай жұлуға болмайтыны содан дегенді еститінбіз. Аңызға бергісіз әңгіменің түп-төркіні осы еді.

Жалпы адыраспанның қасиеті, түрлі ауруға емдік шипасы бар екенін жақсы білеміз. Қазіргі медицинада қолданыста жүрген дәрі-дәрмектердің 40 пайызға жуығы емдік қасиеті бар өсімдіктерден жасалады екен. Қоршаған орта өскіндерінің адам ағзаларын жақсартуға осындай өлшеусіз көмегі барын біздің ата-бабаларымыз бағзы замандардан бері жақсы білген. Сол себепті оны босағаға іліп қойып, түтінімен үйдің ішін түгел аластап, осы арқылы отбасын алуан түрлі бәле-жәледен сақтауға тырысқан. Үлкендердің балаларға «бұл шөпті жұлмаңдар, өйткені ол қасиетті, шипалы шөп» деп жататынын жиі естіген шығарсыздар. Негізі адыраспан – көпжылдық өсімдік. Оның сабағы бұтақшалы, тамыры діңгекті, жапырақтары тілімденген, кезектесіп орналасқан. Қазақстанда адыраспанның бір-ақ түрі өседі екен. Биіктігі 20- 60 см. Гүлдену мерзімі – мамыр, маусым айлары. Адыраспанның тұқымында 3,5-6 пайыз алкалойд, 60 пайыз гармалин, 30 пайыз гармин және шамалы ғана мөлшерде гармалол бар. Бұдан басқа аздау көлемде пеганидин, пегамин, дезоксипеганидин, пеганол болады екен. Тамырында 1,7- 3,3 пайыз, сабағында 0,23-3,57 пайыз, жапырағында 1,07-4,96 пайыз, гүлінде 2,82 пайыз, жемісінде 1,08 пайыз, тұқымында 2,38-4,59 пайыз алкалоидты заттар, хинализин мен индол да табылады. Зерттеулерге сүйенсек, бұл шөптің көптеген ауруға пайдасы бар.

Әдетте емшілер шипалы өсімдіктердің гүлінен, жапырағы мен тамырынан дәрі-дәрмек жасаған. Осы көп ауруға қолданатын дәрілік шөптердің қатарында біз айтып отырған адыраспан да бар. Адыраспанды емдік қасиетте пайдалану үшін оны гүлдеген кезінде жинап алу керек. Сосын оны кептіріп, біраз уақытқа сақтайды. Медицинада адыраспаннан жасалған дәрілер қабыну ауруын, бас, зәр айдауды жақсарту, тер шығару, ішек құрттарын өлтіру, қан қысымын көтеру, тыныс алуды жиілету, асқазан мен жүректің жұмысын ретке келтіруге септігін тигізеді. Сонымен бірге адыраспанды қайнатып, одан шыққан тұнбаны ішкі мүшелерге суық тигенде, безгек, мерез ауруларынан айықтыру үшін пайдаланады.

Адыраспанның тағы бір ерекше қасиеті – өкпе ауруына таптырмас ем екендігі. Өкпе туберкулезі, демікпе, ентікпе, тағы да басқа әртүрлі ауруларға шалдыққанда адыраспанмен емделуге болады. Әсіресе суық тиіп, ауру асқынып, адамның денесі мұздап, қалтырап қызуы көтерілгенде, адыраспан қайнатпасын ішсе, ауруды жеңілдетеді. Қазақ халқы тұрмыста бесікті аластау үшін де адыраспанды пайдаланған. Баланы бесікке саларда шипалы шөпті түтетіп, нәрестені келе жатқан бәледен, қауіп-қатерден сақтап, тыныш әрі шошынбай ұйықтауы үшін аластап шығатын болған. Көп жерде үйдегі жандардың бірі тұмауратса, осы шөпті түтетіп, үйді түгел аластап шығады. Бірақ адыраспан – улы өсімдіктердің қатарында. Оның улы екенін түтеткенде шығатын ащы иісінен-ақ байқауға болады.

Бір қызығы, бұл қасиетті шөпті жұлудың да өзіндік әдебі, тәртібі бар. Кезінде үлкен кісілер, емдік шөптің қасиетін білгендер оны өсіп тұрған жерінен кез келген уақытта, қалай болса солай жұлып алуға болмайтынын ескертіп отырған көрінеді. Адыраспанды жаңа жоғарыда айтқанымыздай, толық гүлдеп, қауызы толып, тұқымы толық піскен кезде ғана жұлған. Тіпті адыраспанды жұлуға тек қана ер кісілерге рұқсат берілген екен. Жұлған күннің өзінде ер адамның үсті-басы таза, дәреті бар екеніне мән берілген.

Нұр НАУАН

Әлі күнге дейін "ит - адамның досы", "ит - жеті қазынаның бірі" деп дәріптеп келеміз. Бірақ, сол "досымызға", жеті қазынаның біріне балаған ұлттық құндылығымызға көңіл бөлмейтін болдық. Ит асыраймыз, бірақ, ие болмаймыз. "Иттің - иесі, бөрінің - Тәңірісі бар" дегенді бабаларымыз бекер айтқан жоқ. Күшік кезінен анасының бауырынан бөліп алып кеткеннен кейінгі иттің амандығына, қауіпсіздігіне һәм адамға шаппауына иесі жауапты.

Бөрінің тәңірі бар, иттің иесі жоқ...

Айта кетейік, бұрынғы қазақтар төріне шығарған құмай тазысына да, босағасында ұстаған төбетіне де арамнан ас бермепті. Итаяғына өзі ішкен адал тамағынан құйған. Тіпті көрші ауылдардан қаңғып келген, жұртта қалып қойған, керуеннен адасып қалып, күл-қоқысты, қора-қопсыны тіміскілеп жүретін иесіз бұралқы, барақ иттердің өзін асырап алыпты. Ал, күшік кезінен адамға жуымай далада жүріп тағыланып кеткен жабайы иттерді ауылға кіргізбей, оққа байлапты. Әрине, жабайы ит адам үшін өте қауіпті. Одан бұрын адам көзінен тасада жүріп түз тағысына айналған жабайы итті ауыл иттерімен шағылысып, төбет тұқымын бұзудан сақтаныпты.

Ал, қазіргі қазақтың итке деген құрметі төмендеген. Көбі итті үйін күзетіп, қора қору үшін асырамайды. Мақсаты мүлдем басқа. Қалалық жерлердің еріккен қалталылары тайыншыдай кавказ төбеттерінің күшіктерін су жаңа бір автокөлік сатып алатын ақшаға сонау Қап тауларынан арнайы тапсырыспен алдырып, темір торлы қораларда әбден ызақор қылып өсіреді және оны ит төбелесіне салады. Әрине, екі иттің жекпе-жегін қызықтаушылар тегін тамашаламайды, ұйымдастырушылар тарапынан қомақты қаржы тігіледі. Төбелес аяқталған соң иелері бір-бірінің тісі тигенде құлақтары жыртылып, терісі жалбырап тұла бойы қан жоса болған төбеттерін көлігіне тиеп алып тарасады. Жекпе-жекте жеңген иттің иесі аузы көпіргенше мақтанады, жеңілген иттің иесінде "қап, бәлем" деген ызалы кек кетеді...

Әңгімеміз иесіз иттер жайында еді. Қазірде кент көшелерінде қаңғыбас иттер көбейген. Мүмкін, көбінің иесі де бар шығар. Бірақ, тамағын күл-қоқыстан асырайды. Ашыққан иттер ызақор, қабаған болып келеді. Оның үстіне адамға қанша "дос" санағанымызбен олардың бойында жыртқыштық түйсік бар және ол ашыққанда оянады. Сондай кездерде көшедегі тұрғындарға кез-келген уақытта және тұтқиылдан шабуы әбден мүмкін. Әсіресе, түнгі мезгілде жалғыз-жарым жүрген жандарға өте қауіпті. Қазір күн қысқарып келеді. Алдымыз - қыс. Қысқы мезгілде түстен кейінгі ауысымда оқитын мектеп оқушыларының қауіпсіздігін де қаперден шығармағанымыз жөн. Ересек адамның өзін бір бүктеп тіске басатын қаны шатыс тайыншыдай "алабайдың" шабуылынан құртақандай бала қалай қорғанып, қалай қарсылық көрсетпек?!

"Алабайдан" басқа да көше кезіп жүретін иесіз аш иттер көп және олар жалғыз емес, топтанып жүреді.

Тағы да айтайық, қазіргі иттер бабаларымыз кие тұтқан, қора қорудан өзгені білмейтін, кісі баласын қаппақ тұрмақ, оған қарап үрмейтін, бірақ, алты қарыс азуының қайраты қасқырдың қабырғасын қақыратып жіберетін бұрынғы таза қанды маң төбеттер емес, қаны шатысып, тегі өзгерген ызақор, қабаған аш иттер. Тіпті солардың тал түсте адамға шабуылдағанына бірнеше мәрте куә да болдық. Сондықтан кент тұрғындары асыраған иттеріне жауапкершілікпен қарап, ауласында ұстауы тиіс. Тиісті орындар осы мәселені назарда ұстағаны жөн.

Қуат АХЕТОВ

Ата-бабаларымыз кезінде мал өсірумен айналысқаны белгілі. Тіпті оның сүйегін де, мүйізін де, жүнін де, терісін де тұрмыстық салаға қолдана білген. Енді тулақтың жасалу жолы қалай соған тоқталсақ.

Тулақ

Тулақ – тайдың терісін шикілей керіп кептірген көн, төсеніш. Сондықтан оны тайтері деп те атайды. Тулақ жасау үшін жаңа сойылған тайдың немесе сиырдың терісін шелінен, көк етінен арылтып тазалап алады. Егер тері өте майлы болса, күйдірілген әк тас, ащы сортаң топырақ, тұзды көлдің сазын жағып, майын алады. Содан кейін терінітегіс жерге немесе тақтайға керіп шегелеп тастайды. Әбден кепкен тері қатайып, көнге айналады. Теріні күн көзінен таса жерде, яғни көлеңкеде кептірген дұрыс. Кепкен терінің үстіне бөстек, көрпе, жер жастық салып, төсеніш ретінде пайдаланады. Жүн сабағанда астына тулақ төсейді.

Сонымен бірге, бұрын жас келінді атасының алдына барған кезде жұмсақ тулаққа отырғызған. Бұл салт бүгінгі күні де орындалуда. Мысалы келіннің бетін ашқанда жұмсақ тулақ жайылған. Соңғы уақыттарда тойларда осы рәсім орындалып жүр. Келіннің беташарында оны әдемілік үшін немесе дәулетін көрсету үшін істеді ме деген сұрақ туады осындайда. Шындығында бұрынғы заманда қазақ халқы келіннің астына жаңа сойылған малдың жұмсақ терісін жайған. Мұның орнына қазір кілем төсеу үрдіске айналды.

Ә.ЕРАЛИЕВ

Меншік иесі:
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1743

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ